

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ
АДАМИ ӘЛЕУЕТТІ ДАМУ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ
КЕЛЕС АУДАНЫНЫҢ
АДАМИ ӘЛЕУЕТТІ ДАМУ
БӨЛІМІНІҢ
«№5 ЖАЛПЫ ОРТА
БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ»
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ
СРЕДНЯЯ ШКОЛА №5
ОТДЕЛА РАЗВИТИЯ
ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО ПОТЕНЦИАЛА
КЕЛЕССКОГО РАЙОНА
УПРАВЛЕНИЯ РАЗВИТИЯ
ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО
ПОТЕНЦИАЛА
ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

Абай ауылы, М.Артыков көшесі №205

село Абай, улица М.Артыков №205

БҰЙРЫҚ

№ 68 14.10.2023г
Абай ауылы

ПРИКАЗ

№ 68 14.10.2023г
село Абай

«Ата -аналарды педагогикалық қолдау»
бағдарламасын іске асыру қызметін
ұйымдастыру туралы.

Түркістан облысының білім басқармасының Келес ауданының білім бөлімінің
2023 жылдың 10 қазанындағы № 188 бұйрығын басшылыққа ала отырып
БҰЙЫРАМЫН:

1. 2023-2024 оқу жылында № 5 жалпы орта білім беретін мектебінде «Ата –аналарды педагогикалық қолдау орталығы жұмысы ұйымдастырылсын.
2. Мектепте төмендегі функционалды міндеттер мен қоса мектептің ішкі тәртібі бекітілсін:
 - Орталық қызметіне басшылық жасау және бақылау мектеп директорына жүктелсін;
 - Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Сулейменоваға ата-аналар, білім алушылар мен педагогтардың мониторингке қатысуын қамтамасыз ету, орталық қызметі туралы ақпаратты жоғары уәкілетті органдарға уақтылы жеткізу жүктелсін;
 - Директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары Н.Лесовқа орталық қызметін ұйымдастыруда оқу кабинетін педагогтерге бекіту, ата – аналар мен сабақ өтуі үшін қажетті жабдықтармен қамтамасыз ету, техникалық қызметкерлердің жауапкершілігін күшейту, сабақ өтуі барысында санитарлық -гигиеналық талаптар мен мектепке бөгде адамдардың кіруін қамтамасыз ету жүктелсін;
 - Мектеп кітапханасы К. Кенжебаеваға педагогтер мен сынып жетекшілерге ата – аналармен сабақ өтуге қажетті әрекеттермен қамтамасыз ету жүктелсін;
1. Сулейменова Г – ТІЖО
2. Полатов У – әлеуметтік педагог
3. Иманғали И – педагог – психолог
4. Ашірбекова С - бастауыш сынып бірлестігінің жетекшісі

5. Джумабекова Г - сынып жетекші
 6. Жақсыбаев Н – сынып жетекші
 7. Жиенбаева А – сынып жетекші
 8. Наринбетова Р – сынып жетекші
 9. Ағабаева Р – сынып жетекші
 10. Елубаева Г – сынып жетекші.
3. 2023 -2024 оқу жылына орталық сабақтарының бағдарламасы вариативті компоненті талдау мүмкіндігімен және ата – аналарға сабақ бер убағдарламасының 20-30 % әзірлемесі құрастырылып, контенттің мазмұнын сапалы құрылсын, педагогикалық кеңес отырысында бекітілсін.
 4. Орталық жұмыс мектептің тәрбие жоспарына «Ата – аналарды педагогикалық қолдау орталығы » қызметі негізінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттесуі жаңа бағыты енгізілсін.
 5. Орталық қызметін мектепішілік бақылауға алу, мектепішілік бақылау жоспарының бөліміне, тармағына өзгерістер негізу мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Ж.Алдашовқа жүктелсін.
 6. Орталықтың жұмысының мақсаты мен міндеттері туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізу, ата – аналардың қатысуын қамтамасыз ету, ата – аналар жиналыстарында Орталық жұмысының тәжірибесімен танастыру сынып жетекшілерге жүктелсін.
 7. Орталық қызметі туралы БАҚ мен әлеуметтік желілерде, мектеп сайтында жариялансын, бірлескен табысты тәжірибе таратылып, Орталық қызметіне мектептің өзін – өзі басқару ұйымы, қоғамдық ұйымдар мен мектептің Қамқорлық кеңесі, әлеуметтік серіктестер мен демеушілер тартылсын.
 8. Мектеп әкімшілігі мен педагогикалық ұжым ата – аналардың облыстық, нәтижелігін арттыру бойынша жұмыстарға белсене қатыссын.
 9. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау өзіме қалдырылсын.

Мектеп директорының м.у.а:  Н. Біял



**«№ 5 жалпы орта білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
«Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының» жұмысын жүргізу
мақсатында құрылған педагогтерден тұратын шығармашылық жұмыс
тобы туралы мәліметі.**

№	Аты-жөні	Қызметі	Функционалды міндеттері
1	Н. Біләл	Мектеп директорының у.м.а	1. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығын» іске асыру қызметіне басшылық пен бақылауды жүзеге асырады; 2. Бағдарламаны іске асыру мен «Даналық мектебі» клубының қызметіне ғылыми-әдістемелік және ақпараттық-ресурстық тұрғыда қолдауды қамтамасыз етеді. 3. Позитивті ата-ана болу мәдениетін арттырудағы әлеуметтік серіктестікті дамытады. 4. Ата-аналарға арналған курстарға ата-аналардың назарын аудару мақсатында ақпараттық науқан ұйымдастырады.
2	Г.Сулейменова Г.Артық	Тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары	1. Ата-аналарды педагогикалық қолдау бағдарламасын іске асыру қызметін реттейтін ішкі құжаттарды дайындайды және Бағдарламаны іске асыру қызметін ұйымдастырады; 2. Педагогтердің Бағдарлама бойынша сабақ өткізуге дайындығын жүзеге асырады; 3. Педагогтер арасында білім беру курсының сабақтарын реттейді; 4. «Даналық мектебі» клубының қызметін ұйымдастырады; 5. Сабақтардың кестесін құрады және реттейді; 6. Мониторингтік зерттеулерге педагогтер, ата-аналар мен балалардың қатысуын қамтамасыз етеді; 7. Бағдарламаны іске асыру қызметі туралы ақпараттарды қалалық (аудандық) білім бөлімдеріне дайындайды; 8. Бағдарламаны іске асыру аясында ата-аналарға білім алуға мотивация беру мақсатында сынып жетекшілер мен ата-аналармен өзара іс- қимыл жасайды.
3	И.Батыр	Педагог-психолог	1. Ата-аналарды педагогикалық қолдау бағдарламасын іске асыру қызметі аясында ата-аналарға психологиялық қолдауды қамтамасыз етеді. 2. Бағдарлама бойынша сабақтар өткізу үшін тренингтер, work-shop, коучинг сессияларын және басқа да нысандарды өткізуде педагогтерге әдістемелік көмек көрсетеді. 3. Бағдарламаны іске асыру қызметін БАҚ-та және әлеуметтік желілерде насихаттайды;
4	Ұ. Полатов	Әлеуметтік педагог	1. Бағдарламаны іске асыруға ата-аналарды тарту үшін педагогтер және ата-аналармен ынтымақтастықты орнатады. 2. Әлеуметтік серіктестердің қатысуына ықпал етеді және бағдарламаның мақсаттары мен міндеттерін шағын учаскеде, қоғамда насихаттайды. 3. «Даналық» мектебіне жетекшілік етеді.
5	Сынып жетекшілер	1-11 сынып жетекшілер	1. Бағдарламаны іске асыруға ата-аналарды қатыстыруды қамтамасыз етеді. 2. Бағдарламаны іске асыру үшін ата-аналармен ақпараттық- түсіндірме жұмыстарын жүргізеді. 3. Іс-шаралардың бекітілген жоспар мен сабақ кестесіне сәйкес өтуін қамтамасыз етеді

ДТДЖО:



Г. Сулейменова

Г. Артық

**« № 5 жалпы орта білім беретін мектебінің »
«Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығының ата-аналарға
өткізілетін жылдық жоспары.
2023-2024 оқу жылы.**

Қазан

№	Сабақтың тақырыбы	Жас ерекшеліктері	Мерзімі	Жауаптылар
1	«Отбасы - бақыт бесігі!» Ата-ана өмірінің басты мақсаты бақытты адам тәрбиелеу	1-4 сынып оқушыларының ата-аналары	23.10.2023	ДТДЖО Г. Артық Ұйымдастырушы педагог. Сынып жетекшілер
2	«Баланың бас ұстазы – ата-ана» Позитивті тәрбие	5-9 сынып оқушыларының ата-аналары	24.10.2023	ДТДЖО Г. Сулейменова С.Байжұманова Сынып жетекшілер
3	«Боламын деген баланың бетін қақпа, белін бу...». Адамгершілік құндылықтар негізінде тәрбиелеу - тұлға қалыптасуының негізі	10-11 сынып оқушыларының ата-аналары	26.10.2023	ДТДЖО Г.Сулейменова Г. Артық Сынып жетекшілер

Қараша

№	Сабақтың тақырыбы	Жас ерекшеліктері	Мерзімі	Жауаптылар
1	«Білімдіге дүние жарық» Таным қуанышы: Баланың қызыға оқуына қалай көмектесеміз?	1-4 сынып оқушыларының ата-аналары	10.11.2023	ДТДЖО Г. Артық Ұйымдастырушы педагог. Сынып жетекшілер
2	«Ақыл айтпа, жол көрсет» Жасөспірімнің бейімделуі.	5-9 сынып оқушыларының ата-аналары	13.11.2023	ДТДЖО Г.Сулейменова Г. Артық Ұйымдастырушы педагог. Сынып жетекшілер
3	«Көркем мінез баға жетпес байлық»	10-11 сынып оқушыларының ата-аналары	24.11.2023	ДТДЖО Г.Сулейменова Г. Артық Сынып жетекшілер

Желтоқсан

№	Сабақтың тақырыбы	Жас ерекшеліктері	Мерзімі	Жауаптылар
1	«Әрбір бала- жарық жұлдыз» Әр баланың ерекшелігін қалай ашамыз.	1-4 сынып оқушыларының ата-аналары	11.12.2023	ДТДЖО Г. Артық Ұйымдастырушы педагог. Сынып жетекшілер

	«Балаға үйрету: ақылыңды мейірімге орап бер»	5-9 сынып оқушыларының ата-аналары	19.12.2023	ДТДЖО Г.Сулейменова Г. Артық Сынып жетекшілер
3	«Сен жанбасаң лапылдап...»	10-11 сынып оқушыларының ата-аналары	25.12.2023	ДТДЖО Г.Сулейменова Г. Артық Сынып жетекшілер

Қаңтар

№	Сабақтың тақырыбы	Жас ерекшеліктері	Мерзімі	Жауаптылар
1	«Баланы жастан...» Бала бойындағы тапқырлық пен эрудицияны қалай дамытуға болады?	1-4 сынып оқушыларының ата-аналары	12.01.2024	ДТДЖО Г. Артық Сынып жетекшілер
2	«Бұлақ көрсең көзін аш.» Тұлғаның бойындағы шығармашылықты дамыту.	5-9 сынып оқушыларының ата-аналары	17.01.2024	ДТДЖО Г.Сулейменова Г. Артық Сынып жетекшілер
3	«Құмарлыққа бой алдыру-тәуелділік құрдымы.»	10-11 сынып оқушыларының ата-аналары	24.01.2024	ДТДЖО Г.Сулейменова Сынып жетекшілер

Ақпан

№	Сабақтың тақырыбы	Жас ерекшеліктері	Мерзімі	Жауаптылар
1	«Құмар ойындары- тәуелділік қақпаны» Балалардың компьютерлік ойындарға тәуелділігін қалай жеңуге болады?	1-4 сынып оқушыларының ата-аналары	14.02.2024	ДТДЖО Г. Артық Сынып жетекшілер
2	«Ақпараттан ақ-қараны ажырату өнері» Жасөспірімнің желідегі әрекеті.	5-9 сынып оқушыларының ата-аналары	16.02.2024	ДТДЖО Г. Сулейменова С.Байжұманова Сынып жетекшілер
3	«Жақсыдан қашпа, жаманға баспа...»	10-11 сынып оқушыларының ата-аналары	23.02.2024	ДТДЖО Г. Сулейменова С.Байжұманова Сынып жетекшілер

Наурыз

№	Сабақтың тақырыбы	Жас ерекшеліктері	Мерзімі	Жауаптылар
1	«Сенім арту- жетістік кепілі» Қиын жағдайда баланы қалай қолдау керек?	1-4 сынып оқушыларының ата-аналары	05.03.2024	ДТДЖО Г. Артық Сынып жетекшілер
2	«Әр нәрсенің өлшемі бар...»«Қажеттілік» пен «қалау» арасындағы тепе теңдікті	5-9 сынып оқушыларының ата-аналары	13.03.2024	ДТДЖО Г. Сулейменова С.Байжұманова Сынып жетекшілер

	қалай сақтауға болады.			
3	«Күйзелістен шығар жол»	10-11 сынып оқушыларының ата-аналары	18.03.2024	ДТДЖО Г. Сулейменова С.Байжұманова Сынып жетекшілер

Сәуір

№	Сабақтың тақырыбы	Жас ерекшеліктері	Мерзімі	Жауаптылар
1	«Әкені көріп ұл өсер, шешені көріп қыз өсер»	1-4 сынып оқушыларының ата-аналары	10.04.2024	ДТДЖО Г. Артық Ұйымдастырушы педагог. Сынып жетекшілер
2	«Жасөспірімдермен қарым- қатынас құпиялары.	5-9 сынып оқушыларының ата-аналары	15.04.2024	ДТДЖО Г. Сулейменова С.Байжұманова Сынып жетекшілер
3	«Сүйіспеншілік- сыйластық кепілі»	10-11 сынып оқушыларының ата-аналары	24.04.2024	Сынып жетекшілер

Мамыр

№	Сабақтың тақырыбы	Жас ерекшеліктері	Мерзімі	Жауаптылар
1	«Тәліммен өрілген біздің дәстүр» Дәстүрлер отбасылық әл ауқаттың негізі ретінде.	1-4 сынып оқушыларының ата-аналары	10.05.2024	ДТДЖО Г. Сулейменова С.Байжұманова Сынып жетекшілер
2	«Отбасы құндылығы- сарқылмас қазына» Құндылықтар- отбасы бақытының негізі.	5-9 сынып оқушыларының ата-аналары	16.05.2024	ДТДЖО Г. Сулейменова С.Байжұманова Сынып жетекшілер
3	«Атадан өсиет, анадан қасиет»	10-11 сынып оқушыларының ата-аналары	21.05.2024	ДТДЖО Г. Сулейменова С.Байжұманова Сынып жетекшілер

Директордың тәрбие ісі
жөніндегі орынбасарлары:

 Г. Сулейменова
 Г. Артық

Хаттамасы

21.09.2023 жыл

Абай ауылы

Қатысқандар: Мектеп әкімшілігі, 28 ата – аналар, 28 сынып жетекші.

Күн тәртібінде.

1. 2023-2024 оқу жылының ерекшеліктері туралы.
2. Мектеп тарапынан ата – аналарға қойылатын талаптар туралы.
3. Ата – аналар комитетінің құрамын сайлау.
4. Әр түрлі мәселелер.

Тыңдалды:

Алғашқы мәселе бойынша мектеп директорының м.у.а Н.Білял сөз сөйлеп оқушыларды, ата – аналарды жаңа оқу жылымен құттықтап жиналыстың күн тәртібімен таныстырып өтті. 2023-2024 оқу жылындағы тәрбие саласында болатын өзгерістермен Қазақстан Республикасының оқу – ағарту министрінің « Біртұтас тәрбие бағдарламасының » мазмұнына тоқталып, бағдарлама 2023 – 2026 жылдарға арналғандығын, үш негізі тәр

Ал екінші мәселеге келсек мектебіміздің жанынан жылдағыдай бір ай мерзімге сауықтыру лагері жұмыс жасайды. Ол бойынша барлық сақтық, дайындық шаралары жүргізілген. Бұйрық шығарылып, онда жұмыс жасайтын мұғалімдер бар. Балаларыңызды осы лагерьге жіберуге болатыны жайлы сынып жетекшілер түсіндірме жұмыстарын жасап айтқан.

Әсіресе жаз айында келеңсіз жағдайлар кезедесіп тұрады. Сондықтан әр баланың қауіпсіздігіне үлкен жауапкершілікпен қарау қажет.

Жарыссөз: ДТІЖО: Г.Артық

Жоғарыда атап өткендей жаз мезгілінде балаларды күндік жұмыстарға, кафе, ойынханаларда жұмыс жасауына тыйым салынады. Бала белгіленген нормада, ата-анасының қадағалауымен ғана жұмыс жасай алады. Баланың денсаулығы, қауіпсіздігі ол күн тәртібінен түспейтін мәселе. Мектепте жазғы каникул кезінде мектеп пен ата-ана арасында әр сынып жетекші жеке келісім – шарт жасасқан. Бұл да ата-ананың жауапкершілігін арттырады. Себебі каникул кезінде балаларыңыз сіздермен бірге болады. Сондықтан бұл мәселеге немқұрайлы қарамауларыңыз қажет.

Бізде жазғы сауықтыру лагері маусымның бірінен өз жұмысын бастайды. Оған қатысты барлық шаралар жасалған. Ата-аналармен келісе отырып тізім жасалған.

Ата-аналар төрағасы: Ш.Бегімбетов

Жоғарыда өте дұрыс айтып өтті. Дұрыс бала бос жүрмеу үшін кейде жұмыс істетеміз. Бірақ бұл белгіленген нормадан аспау керек. Ол бірінші баланың денсаулығына қажет. Бала ең бірінші бізге керек. Ал каникул кезінде баламыздың өмір қауіпсіздігіне, келеңсіз оқиғалардың алдын-алу үшін балаларымызға өзіміз де қарап отырмай түсіндіріп, өз мойнымызға алуымыз керек деп ойлаймын. Себебі кей жағдайда ата-аналар тарапынан болсын мектепке ұстаздардың мойнына үлкен шектен тыс жүк артып, барлық жағдайда мектепті кінәлап, жауапкершіліктен қашқақтайтын ата-аналар өкінішке орай кездесіп жатады. Осындай мәселе болмасын. Бір сөзбен айтқанда каникул, демалыс кездерінде балаға біз жауаптымыз.

Сауықтыру лагеріне келсек жылда мектепте лагер жұмыс жасайтынын білеміз. Балаларымыз келіп жүрген. Ол өте дұрыс бастама.

Ұсыныс:

1. Жазғы каникул кезінде балалардың өмір қауіпсіздігін ата-аналар өз жауапкершілігіне алса.
2. Сауықтыру лагеріне қатысты түсіндірме жұмыстары жандандырылса.

Қаулы:

1. Жазғы каникул кезінде балалардың өмір қауіпсіздігін ата-аналар өз жауапкершілігіне алсын.
2. Сауықтыру лагеріне қатысты түсіндірме жұмыстары жандандырылсын.

Жиналыс төрағасы:



Н. Білял

Хатшы:



С. Байжуманова

« № 5 жалпы білім беретін мектеп » коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
ата-аналармен жүргізілетін жұмыс жоспары.

Мақсаты: Оқушыларды жан – жақты жетілдірудің, қоғамда өмір сүруге
бейімдеудің, оларға ұлттық тәрбие беру арқылы бойында патриоттық
тәрбиені қалыптастыру.

№	Атқарылатын іс - шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
1	Ата – аналар кеңесінің отырысы: -ата – аналар комитетінің төрағасын дайындау, -жаңа оқу жылында өтілетін іс – шаралар жоспарымен таныстыру, - қиын отбасыларға демеушілік көмектерін ұйымдастыру.	Қыркүйек	Мектеп әкімшілігі ДТІЖО. Әлеуметтік педагог
2	Ашық әңгіме: «Жастар жарқын өмірді таңдайды, ло үшін біз не істеуіміз керек?»	Кезінде	8-11 жынып жетекшілері
3	Ата – аналармен кездесу: -ерекше назардағы оқушылардың ата – аналарына психологиялық қолдау көрсету, -«Ананың көңлі балада, баланың көңлі далада», -« Оқушының бос уақыты » Сауалнама толтыру	Қазан Сәуір Үнемі	Падогог психолог
4	Дөңгелек үстел: «Дені сау, рухани бай ұрпақ тәрбиелеудегі отбасы мен мектептің ролі»	Қаңтар	ДТІЖО
5	Бала тәрбиесіндегі ата – анамен мектептің ынтымақтастығы.	Кезінде	ДТІЖО Ата – аналар төрағасы
6	КТІЖБ инспекторымен кездесу.	Кезінде	Мектеп инспекторы Сынып жетекшілер
7	Сайыс: «Өнерлі отбасы»	Ақпан	Аға тәлімгер
8	Жасөспірімдер арасындағы қылмыс пен құқықбұзушылықтың алдын алу.	Үнемі	ДТІЖО Сынып жетекшілер
9	Пікір палас: «Балаларымыздың жасырын әлемі»	Сәуір	Тарых бірлестігі
10	Ата – аналар кеңесінің отырысы: -жылдық есеп -жаңа оқу жылын жоспарлау.	Мамыр	Мектеп әкімшілігі

ДТІЖО:

Г.Сулейменова

Г.Артық

« №5 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік
мекемесінде 2023 жылдың 9 қазаны күні оқушылармен өткізілген жиналыс
Хаттамасы

Қатысқандар: Келес АПБ ЖПҚ ЮПТ инспекторы полиция капитаны
Т.Е.Садырбаев, Келес АПБ ЖПҚ ЮПТ инспекторы, полиция аға лейтенанты
С.Ж.Жорабеков, 9-11 сынып оқушылары, сынып жетекшілер,
мектеп әкімшілігі.

Қатысқаны барлығы 135

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

1. Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын-алу, болдырмау.
2. Түрлі мәселелер.

Тыңдалды:

Келес АПБ ЖПҚ ЮПТ инспекторы полиция капитаны Т.Е.Садырбаев

Бүгінгі күнгі қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын-алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу. Жалпы, құқық тәртібін бұзуға бейім балалар көбіне ата-ананың қадағаламауынан орын алып жатады. Еліміздегі азаматтың міндеті – заң талаптарын бұзбау, өзіне жүктелген міндетін орындау. Өйткені заң дегеніміз өмірдің нәрі. Заңның ең басты мақсаттарының бірі – қоғамдағы алуан мінезді адамдардың салауатты өмір салтына тәрбиелеу. Осы мақсатта түрлі құжаттар қабылданып, бағдарламалар енгізілуде. т.б.

Келес АПБ ЖПҚ ЮПТ инспекторы, полиция аға лейтенанты
С.Ж.Жорабеков,

Жас ұрпаққа білім беру, оларды болашақ еліміздің тұтқасы етіп тәрбиелеу бүгінде басты назарда.

Қылмыс, құқықбұзушылық, еңбек кодекстері туралы мәліметтер беріп, оқушыларды заң аясында мектептің ішкі тәртіп ережесіне бағынуға шақырды. т.б.

Жарыссөз ДТІЖО Г.Артық:

Құқықбұзушылықты болдырмау мақсатында оқу жылының басынан бері іс-жоспары түзіліп жұмыстар атқарылуда. Мектепте тегін ақысыз үйірмелер жұмыс жасайды. Оған өздерінде қатысып жүрсіндер. Жалпы бос уақытты тиімді пайдалану қажет. т.б. Түнгі мезгілде рейд шаралары ұдайы

ұйымдастырылып, оған ата-аналар комитетінен мүшелер ерікті түрде қатысып жүр.т.б.

Жиналыста оқушылардың сабақтан қалмау,кешікпеу,мектеп формасы т.б. мәселелер қамтылды.

ҚАУЛЫ:

1.Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықты болдщырмау,алдын-алу мақсатында құқықбұзушылықтың алдын-алу бойынша жүргізілетін жұмыстар жандандырылсын.

2.Кешкі мезгілдегі рейдтік шаралар жүргізілсін.

Жиналыс төрағасы:  Н.Білял

Хатшы:  С.Байжуманова

**« № 5 жалпы орта білім беретін мектебі » коммуналдық мемлекеттік мекемесінде
кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын-алу
мақсатындағы 2023-2024 оқу жылындағы жұмыс жоспарына сәйкес ата-аналармен
бірге өткізілген жиналысының
ХАТТАМАСЫ**

Өткізілген күні : 27.09.2023ж

Қатысқандар: 86

Абай ауылы

Күн тәртібі:

1. Жиналысты ашып, тақырыппен таныстыру: *МД м.у.а: Н.Білял*
2. «Құқық бұзушылықтың алдын алу – басты міндет»
Баяндамашы: ДТІЖО: Г.Сулейменова
3. «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыбында : *педагог – психолог
И. Батыр*
4. «Бала құқығын қорғау» тақырыбында баяндама тақырыбында: *Келес АПБ ЖПҚ-ның
ЮПТ инспекторы Жорабеков Сакен Жұмағалиевич*
5. Басқада мәселелер бойынша : *МДОІЖО: Н.Білял*

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директоры м.у.а: Н.Білял аудан көлемінде, соның ішінде « № 5 жалпы орта білім беретін мектебі » коммуналдық мемлекеттік мекемесінде кәмелетке толмағандар арасындағы және кәмелетке толмағандарға қарсы жасалатын құқық бұзушылықтың, оның ішінде зорлау сипаттағы қылмыстардың, ерте жүктіліктің, аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында мектепшілік тәрбие жоспарына сәйкес жұмыстар атқарылып жатқандығын және алдағы уақытта да жыл көлемінде жүргізілетіндігін айтып сөзін бастады. *Н.Білял* жиналыстың күн тәртібі мен мақсат міндеттерімен таныстырып өтті. Ол сөз барысында Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады. Алайда бүгінгі таңда баланың денсаулығы мен өміріне қауіп әлі де жоғары. Соңғы кездері кәмелетке толмағандарға қатысты заңға қайшы әрекеттер факторлары жиіленіп кетті. Жыл сайын жүздеген бала қылмыстың құрбаны болады. Оқу орындарында немесе оның маңайында болатын құқық бұзушылық алаңдатушылық тудыруда. Сонымен қатар қазіргі уақытта мектеп жасындағы балалардың көпшілігі бос уақыттарын ғаламторға, ұялы телефондарындағы әртүрлі бағдарламаларға қараумен өткізетіндігін, кейбір кездегі ғаламторға жағымсыз жаңалықтардың, бейнекөріністердің әсерінен баланың көзқарасы, психологиясы өзгеріп, ұрлық-зорлық әрекеті мен құқық бұзушылық фактілері орын алып жатады. Сондықтан әлеуметтік желілер арқылы жағымсыз көп ақпараттардың тез тарайтынын, балаларының ұялы телефонында тыйым салынған сайттарға кіріп-шығу, қолдану уақыттарына құрметті ата-аналар ерекше назар аударуларыңызды сұранамын деп сөзін аяқтады.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Сулейменова «Құқық бұзушылықтың алдын алу- басты міндет» тақырыбында ұлдар және қыздар тәрбиесі жайлы сөз бастады. Жиналыс барысында мектептің ДТІЖО Г. Сулейменова кәмелетке толмаған балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында аудандық және мектепшілік түрлі тақырыптарда іс-шаралар өтіп жатқандығын және алдағы уақыттарда жүргізілетіндігін айтып өтті. Онда Бала құқығын бекітетін маңызды заңдарға «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексі, «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Білім туралы», «Мемлекеттік жастар саясаты туралы», «Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы», «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы», «Отбасы үлгісіндегі балалар ауылы және жасөспірімдер үйлері туралы» және тағы басқа да заңдар жатады. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу және оны болдырмау бағытында сынып жетекшімен тығыз байланыста болу, ата-анасыз (заңды өкілсіз) шықпауын, ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіндегі 442-1, 442-2 баптарында көрсетілген талаптарды орындап, түнгі сағат 22.00-ден таңғы 6.00-ге дейін ойын-сауық орындарына бармауын, үйден тыс жерде жалғыз жүрмеуін қадағалауды, жалпы балаларды күнделікті қадағалау керек. Ата-ана әрқашан

мектеппен тығыз байланыста болып балалардың қауіпсіздігін ата-аналар тарапынан қамтамасыз ету қажеттігін айтып өтті.

3. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша мектептің педагог-психологы И. Батыр «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыбында ата – аналардан сауалнама алды. Қайсыбір дүниенің болмасын өз қолдану уақыты, мерзімі болады. Күн мен түнді ауыстырған жанның психикасы бұзылып, жүйке жүйесіне қысым келеді. Виртуалды өмірде жасаған әрекетін шынайы өмірде жасап қаншама бала қылмысқа барған. Бала ата-анасының жасағанын айнытпай қайталайды. Таңның атысынан күннің батысына дейін телефонды құшақтап жүретін ата-ананың баласы қандай болмақ? Әлде, олармен жарыса желіні ақтарады ма? Көз майын тауысып, кітап оқиды ма? «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» дегендей отбасылардың барлығының жағдайы жақсы бола бермейді, кейбір келеңсіз отбасыларда болады, олармен тек түсіндіру шаралары арқылы ықпал ету жеткіліксіз болады. Бұл жағдайда қоғамдық ықпал медициналық және құқықтық шаралар қолданған жөн. Елімізде көптеген тұрмыстық зорлық-зомбылықтың зардабына ұшыраған балалар да кездесіп жатыр. Және сөз соңында тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында «Ата-аналармен сауалнама» тақырыбында жұмыс жүргізді.

4. Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша Келес АПБ ЖПҚ ЮПТ инспекторы Жорабеков Сакен Жұмағалиевич. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу және оны болдырмау туралы айтып өтті.

Мектепішілік ата-аналар комитетінің төрағасы Ш.Бектмбетов және әкелер кеңесінің төрағасы А.Аманбаев – «Ұл тәрбиесі», «Қыз тәрбиесі» және «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыптарына қосымша шолу жасап кетті. Бала тәрбиесіне отбасы тәрбиесінің жауапкершілігін күшейту керектігін, алдағы уақытта қатты қолға алу керектігін айтты. Сондықтан барлығымыз жұмыла әрекет жасауымыз керек деп ойлаймын деп сөзін аяқтады.

Мектеп директоры м.у.а: Н. Білял жиналысты қорытындылай келе, осының алдын алу үшін, отбасылық құндылықтарды сақтауды, ата-ана мен бала арасындағы түсініспеушілікті болдырмауға, үлкендер тарапынан жасөспірімдерге жасалатын қылмыстың алдын алуға байланысты мектеппен тығыз байланыста болуға, ата-ана мен мектеп әкімшілігі тарапында бір жақты шешімде болуға шақырды.

Жиналыс қаулы етеді:

1. Қорытындылай келе, осы жағдайлардың алдын алдын алу мақсатында отбасылық құндылықтарды сақтау, ата-ана мен бала арасындағы түсініспеушілікті бролдырмау, үлкендер тарапынан жасөспірімдерге жасалатын қылмыстың алдын алуға байланысты мектеппен тығыз байланыста болу, ата-ана мен мектеп әкімшілігі тарапында бір жақты шешімде болу жұмыстары күшейтілсін.

2. Бала тәрбиесінде отбасы тәрбиесінің жауапкершілігін арттыру мақсатында ата-аналардың жауапкершілігі арттырылсын.

3. Кәмелетке толмағандар арасындағы және кәмелетке толмағандарға қарсы жасалатын құқықбұзушылықтың, оның ішінде зорлау сипаттағы қылмыстардың, ерте жүктіліктің, аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында мектепішілік тәрбие жоспарына сәйкес жұмыстар жүйелі жүргізілсін.

Мектеп директоры м.у.а:

ДОДЖО:

Педагог-психолог:

Ата-аналар комитетінің

төрағасы:

Хатшы :

Н.Білял

Н.Білял

И.Батыр

Ш.Бектмбетов

С.Байжуманова

**« № 5 жалпы білім беретін мектеп » коммуналдық мемлекеттік мекемесінде
ата-аналар жиналысының**

Хаттамасы № 3

Өткізілген күні:

27.12.2023ж.

Өткізілген орны:

Мектептің залы

1. Мектеп директорының м.у.а: Ұ.Полатов
 2. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары: Н.Білял
 3. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары: Г.Сулейменова , Г.Артық
- Қатысқан ата-аналар саны: 162

Күн тәртібінде:

1. Баяндама «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі және мектеппен байланысы».
2. 1-11 сыныптардың II-тоқсанның және I жарты жылдық қорытындысының есесбі.
3. Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу туралы.
4. Мектеп формасы мен мектепшілік тәртіп сақтау мен демалыс уақытында қауіпсіздік ережелерін сақтау.

Тыңдалды:

1. Баяндама «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі және мектеппен байланысы».
Мектеп директорының м.у.а: Ұ.Полатов Мектебімізде 620 оқушы білім алуда. Оқушылардың бос уақытында мектебімізде ақысыз үйірме жұмыстарына тартылады.
2. 1-11 сыныптардың II-тоқсанның және I жарты жылдық қорытындысының есесбі. ДОДЖО Н.Білял есеп берді. Оқушылардың мектептегі жетістіктерімен, ауданнан үздіктер марапатталып жатқанын мақтанышпен ата-аналарға жеткізді. Ата-аналар да, қуанышымен бөлісіп алғыстарын айтты.
3. Тәрбие саласы бойынша жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу.
ДТДЖО: Г.Сулейменова баяндама жасап, ата-аналарға жаңа жылдық мерекені отбасымен өткізу керектігі туралы, кештің тыныш өтуін қадағалау мақсатында рейдтік іс шара ұйымдастырылды. Ата-аналар тарапынан келісім болды.
4. Мектеп формасы мен мектепшілік тәртіп сақтау мен демалыс уақытында қауіпсіздік ережелерін сақтау керектігі түсіндірілді.

Қаулы:

1. I жарты жылдықтың есесбі қанағаттандырылсын.
2. Ата-аналар балаларына көбірек уақыт бөліп қадағалау, бақылауға алу.
3. Оқушылар бірыңғай мектеп формасын киcін.
4. Оқушы формасын қадағалау сынып жетекші және пән мұғалімдеріне жүктелсін.
5. Оқушылардың бос уақытында үйірме жұмыстарына тартылсын.
6. Демалыс уақытында оқушылардың қауіпсіздіктері ата-аналарына жүктелсін.

Жиналыс төрағасы:
хатшы:



Ұ.Полатов
С.Байжұманова

« № 5 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
ата – аналармен өткізілген жиналастың

Хаттамасы № 4

12.01.2024 ж

Абай ауылы.

Қатысқандар: Ата- аналар комитетінің төрағасы: Ш.Бегімбетов

Ауыл бні: Н. Ахметов, мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілер, ата – аналар.

Күн тәртібінде:

1. « Кәмелетке толмағандар арасында ерте жүктіліктің, құқықбұзушылықтың алдын алу, мақсатында профилактикалық іс- шара жүргізу.
2. Мектептің ішкі тәртіп ережесі (мектеп формасы, ұялы байланыс телефон, сабақтан кешігу, оқулық, рейд, тойхана т.б,с).
3. Ата –аналармен сынып жетекші арасындағы байланыс, балаларының тәртібі және сабақтан кешікпеуі туралы.
4. Мектептегі педагогикалық – психологиялық қолдау.
5. Әр түрлі мәселелер.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектептің директорының м.у.а: Ұ.Полатов сөз сөйледі. Құрметті ата – аналар, ұстаздар қазіргі қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі балалардың тәртіпсіздігі, қылмыс, құқықбұзушылықтың алдын – алу туралы айтып өтті. Түнгі мезгілде ата – аналарға балаларының (кешкі сағ 22⁰⁰ –ден азанғы 06⁰⁰ – ге дейін) беймезгіл жүрмеу, яғни «Бос уақытын шектеу » керектігін айтты. Себебі жасөспірімдердің қылмысы көбейіп кеткен.

Сөз алған директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Г.Артық расында оқушыларымыздың тәрбиесі жөнінде және мектеп қабырғасында тәртіпті сақтау отбасымен тығыз байланыста болуы керектігін айтты. Оқушылардың сабаққа келуін, сабақтан кешікпеуін ата – аналардың қадағалауына тапсырды. Мектепте біздер, үйде сіздер қадағалайық. Оқушылар мектепке смартфон алып келеді, соның салдарынан сабақ үлгерімі төмендеп кеткенін айтты. Оқушылардың тәртібін, «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» бойынша жұмыстарды бірлесе атқарайық.

Мектеп психологы ата – аналарға өз балаларының ерекшелігін білуге ,олардың жан дүниелерін түсінуге ,ата – ананың алатын орнының ерекше екендігін айтып өтті. Ата – аналар өздірін мазалаған сұрақтарын қойды.

Жарыссөз: Ата аналардың төрағасы Ш. Бегімбетов өз сөзінде ата – аналарға балаларын тәрбиелеуде бірқатар қиындықтар туыпдап тұрғандығы ,сонымен қатар балаларын күнде бақылауда ұстап, араласатын ортасын, жүріп тұруын қадағалау қажеттігін ескертті. Құрметті ата – аналар балаларымызды мектептегі ақысыз үйірмелерге берейік.Жоғарыда айтылып кеткендей «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» бойынша мектептегі тәрбие жұмыстарына,балалардың сабаққа кешігуі, смартфон,

сабақтан жалтару мәселелеріне де біз бей-жай қарай алмаймыз. Сондықтар ата-аналар комитеті әрине сіздердің келісімдеріңізбен ата-аналардан кезекшілік кестелерін түзіп ерікті түрде түнгі рейдке бірге шығып, мектепте баланың кешікпей келуін бірге кезекшілікке тұрып қадағалап, мектеп формасын қаншалықты дұрыс киініп жүр, сабақ үлгерімдері қалай осы мәселені қадағалап мектеп ұжымымен бірігіп, ауқымын кеңейтейік.

Жарыссөз: Бұкарова Айнаш-ата-ана

Менің балаларым осы мектепте оқиды. Мен де мектеп өміріне соның ішінде бала тәрбиесіне немқұрайлы қарай алмаймын. Үнемі тығыз байланыста жүремін. Иә бізде кезекшілікке тұрып, бір мезгіл арасында баламыз мектепте тәртібі қандай, байланысымызды нығайтып, рейдке шығып тәрбиесіне атсалысуға дайынбыз. Көпшілік қолдайтын шығар деп ойлаймын. Өзге жиналысқа қатысушы ата-аналар да өз ойларын білдіріп, кеңесті. Жиналыс барысында психологиялық тренинг өткізіліп, бала тәрбиесіне қатысты бейнеролик көрсетілді.

Жиналыс қаулы етті:

1. Кәмелетке толмағандар арасында ерте жүктіліктің, құқықбұзушылықтың алдын – алу мақсатында профилактикалық іс-шара жүргізу, түнгі рейд ерікті ата-аналармен біргелікте жүргізілсін
2. Кешкі уақытта көше, кафелерде, ойынханалар, ойын – сауық орындарында жүруге тыйым салынсын.
3. Ата-аналардан кезекшілік кестелері түзіліп, ата-аналар бала тәрбиесіне, (кешігуі, ұялы телефон, сабақтан жалтару, буллинг т.б.) атсалысып, мектепте ашық есік күндерін өткізілсін.

Жиналыс төрағасы:



Ұ.Полатов

Хатшы:



С.Байжұманова

«№ 5 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде ата – аналарымен жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын – алу, оқушылар арасындағы әлімжеттікті болдырмау, ата-ананың бала тәрбиесіне ықпалы, діни экстремизмге қарсы күрес, өмір қауіпсіздік ережелерін сақтау мақсатында өткізілген

жиналыс
Хаттамасы №5

21. 02. 2024 ж

Абай ауылы

Қатысқандар: Мектеп әкімшілігі, аудандық ардагерлер кеңесінің мүшесі М.Артық, Абай ауыл әкімдігінің қызметкері Тажибаев С., ауыл биі Ахментаев Н., ювеналды полиция қызметкері Жорабеков С., учаскелік полиция инспекторы Сарсенов Қ., орталық мешіттің наиб имамы Налибаев С., ата-аналар комитетінің төрағасы Бегімбетов Ш. ата-аналар, сынып жетекшілер.

Күн тәртібіндегі қаралатын мәселелер:

1. Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын – алу, оқушылар арасындағы әлімжеттікті болдырмау, ата-ананың бала тәрбиесіне ықпалы, діни экстремизмге қарсы күрес. Өмір қауіпсіздік ережелерін сақтау.
2. Әртүрлі мәселелер.

Тыңдалды:

Бүгінгі күн тәртібіндегі мәселелермен мектеп директорының м.у.а: Ұ.Полатов таныстырып өтті. Қазіргі қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі балалардың тәртіпсіздігі, қылмыс, құқықбұзушылықтың алдын – алу. Сіздер де өз кезегінде балаларыңыздың кешкі мезгілде көшелерге шығып, ойынхана, кафелерге т.б жерлерге баруын қадағалаңыздар. Сонымен қатар алдағы атқаралған жұмыстарды бірлесіп атқаруға шақырды. Бірінші мәселе бойынша әжелер алқасының мүшесі Артықова Меруерт апай сөз алды. Қазіргі қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі балалардың тәртіпсіздігі, қыз балалардың жүріс тұрысы, мектепке мектеп форасымен келуі, мектепке кешікпей келуі тікелей ата – аналардың міндеті жайлы айтып өтті. Сіздер де өз кезегінде балалардың кешкі мезгілде көшелерге шығып, ойынханалар, кафелерге т.б жерлерге бармауын қадағалаңыздар.

Келес АПБ ЖПҚ – ның ЮПТ инспекторы

Сарсенов Мұрат құқық бұзушылықтың алдын – алу, болдырмау туралы айтып өтті. Түнгі рейдтерге топ мүшелері ата-аналармен шығып, бейсауыт, беймезгіл жүрген балаларды анықтайды. Ата – аналарға сабақтан көп қалған оқушыларға ескертпе парақтарының таратылып жатқаны жайлы айтылды. Бүгінгі күнгі қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі – балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын – алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу туралы айтты.

Ювеналды полиция инспекторы Жорабеков Сакен жасөспірім балалардың арасындағы қылмыстың өршіп тұрғаны, ұлдар арасындағы жанжалдардың, қыздар арасындағы ерте жүктіліктің болуы өкінішті. Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі өте маңызды. Ұлды ұлша, қызды қызша тәрбиелеу маңызды. Тағы айта кететін жайт кешкі мезгілде бейсауыт жүрген балалардың ата-аналарына, ал тоқсанына сабаққа 40 сағат себепсіз келмеген, жалтарған оқушылардың ата-аналарына ҚР әкімшілік кодексінің 409бап 1 тармағына сай әкімшілік іс қозғалатынын айтып ескертті. Т.б. Өмірлік қиын жағдайға душар болған жасөспірімдердің саны азаяр емес. Бұл санатқа, көбінесе отбасылық жағдайы нашар, демалыс мезгілі ойластырылмаған, өздеріне өздері бас болып жүрген балалар жатады. Қылмыстың алдын – алудың бірден – бір жолы оқушылардың мектептен тыс уақытта қосымша біліммен қамтылуын дұрыс ұйымдастыру деп өз сөзін аяқтады.

Налибаев Сапарбек Орталық мешіттің наиб имамы: Сөз алып, қазіргі қоғамның жауы лаңкестік, діни экстремизм және онымен күресу, кереғар діни ағымның жетегіне кетіп жатқан жастар жайлы мысалдар келтірді. Жастардың осындай соқыр фанатизмнің жетегіне кіріп кетуден сақтану қажеттілігіне тоқталып өтті. Мемлекетімізде радикалды және экстремистік топтардың әрекеттері, интернет желісі арқылы жастардың адасып кереғар діни ағымдардың құрсауына кіріп барады. Діни экстремизммен күресу бірдің емес, жалпы қоғамның міндеті. Одан бөлек жастарымыз намаз оқуға мешітке, әсіресе жұма намазына сабақты тастап кетіп жатқан жайы бар. Бұл дұрыс емес. Кәмелетке толмаған баланың міндеті сабақ уақытысында мектепте болып, сабағын оқу. т.б. Ата-аналарға егжей-тегжей мәселені түсіндіріп өтті.

Түрлі мәселелер бойынша – ата – аналар комитетінің төрағасы Ш.Бегімбетов сөз алды. Ата – аналар арасында балаларымыздың өмір қауыпсіздігі алдымен өзімізге қажет. Жалпы барлық ата – аналар

баласының қауіпсіздігін, өз баласының жаман іс – әрекеттерге бармағанын, өз баласының әдепті, сыйлы болып өсекенін қалайды.

Мектепте сіздер үйде біздер қадағалайық. Балаларымыздың қауыпсіздігін басты назарда ұстайық.

Ауыл биі Ахментаев Нұрлан өз сөзінде ата – аналарға балаларының сабақтан көп қалатыны, кешігетіні жайлы айтып өтті. Құрметті ата – аналар балалар өз болашағымыз, сіздер және біздер болып балаларымыздың жақсы жақтардан көрінуіне көп көңіл бөлейік.

Мектептегі ақысыз үйірмелерге қатыстырып, үлкен жеңістерге жетсе бәріміздің абыройымыз деп өз сөзін аяқтады.

Әр түрлі мәселе бойынша Абай ауыл әкімшілігінің қызметкері Тажібаев Сабит ата – аналардың түрлі сұрақтарына (көшелердің жарықтануы, жол аяқтардың болмауы т.б) өз жауабын берді.

Жиналыс қаулы етеді:

- 1.Құқық бұзушылықтың алдын – алу бойынша жоспарға сай жұмыстар атқарылсын.
- 2.Діни экстремизмге қарсы түсіндірме жұмыстары жандандырылсын.
- 3.Ата – аналар мен сынып жетекшілер арасында тығыз қарым қатыныс орнатылсын.
- 4.Екі жақты келісім шарт негізінде мектептен тыс уақытта балалардың өмір қауіпсіздігі ата – аналар тарапынан бақылауға алынсын.

Жиналыс төрағасы

Хатшы:



Ұ.Полатов

Ұ.Ерсинова

Мектеп директоры:

«Бекітемін»

Н.Білял

« 20 » 12 2021

2023-2024 о.ж.

**« № 5 жалпы білім беретін мектебі » коммуналдық мемлекеттік
мекемесі бойынша «Даналық мектебі» клубының
жылдық жұмыс жоспары**

№	Тақырыптар	Өтетін уақыты	Жауаптылар
Аталар мектебі			
1	Жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың қамын жер	Қыркүйек	Аталар мектебі мүшелері
2	Бабалар дәстүрі – ұрпаққа өсиет	Қазан	Аталар мектебі мүшелері
Әжелер мектебі			
3	Ертегі – танымның көзі «Әжесі бар үйдің берекесі бар».	Қараша	Әжелер мектебі мүшелері
4	Ырым-тыйым – әдептілік негізі	Желтоқсан	Әжелер мектебі мүшелері
Аға мектебі			
5	Ағасы бардың – жағасы бар	Қаңтар	Аға мектебі мүшелері
6	Ер жігітке жарасар салауатты бейнесі	Ақпан	Аға мектебі мүшелері
Жеңге мектебі			
7	Қыз ғұмырдың құпиялары	Сәуір	Жеңгелер мектебі мүшелері
8	Қыздар білуге тиіс...	Сәуір	Жеңгелер мектебі мүшелері

Тәрбие ісі жөнідегі орынбасары:



Г. Сулейменова

Түркістан облысының адами
әлеуетті дамыту басқармасының
Келес ауданының адами әлеуетті
дамыту бөлімінің «№5 жалпы орта
білім беретін мектебі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесі



Коммунальное государственное
учреждение «Общеобразовательная
средняя школа №5» отдела развития
человеческого потенциала
Келесского района управления
развития человеческого потенциала
Туркестанской области

БҰЙРЫҚ

№ 59 05.10.2023г

Абай ауылы

ПРИКАЗ

№ 59 05.10.2023г

село Абай

«Әкелер кеңесі ережесін бекіту туралы»

Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу және балалардың қадағалаусыз және қараусыз жүруіні алдын алу жұмыстарын нығайту мақсатында, жанұялық құндылықтарды күшейту, бала тәрбиесіндегі ата-аналар қауымдастығының, әкелер жауапкершілігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңына, «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» заңына, 2014 жылғы 4 қазандағы қалалық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімінің бұйрығына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. № 5 жалпы орта білім беретін мектебі бойынша Әкелер кеңесін құру туралы ереже бекітілсін. (қосымша №1)
2. Әкелер кеңесінің құрылуы туралы ережемен әкелер кеңесі мүшелері таныстырылсын
3. Бұйрықтың орындалуын бақылау және басшылық жасау тәрбие ісінің меңгерушісі Г.Сулейменоваға жүктелсін.

Мектеп директорының м.у.а:  Н.Білял



« № 5 жалпы орта білім беретін мектебі » к.м.м – дегі «Әкелер мектебінің »
2023-2024 оқу жылына арналған тәрбиелік тақырыбындағы оқу бағдарламасы.

№	Тақырыптары	Өтілу түрі	Мерзімі	Жауаптылар	Қорытындысы
1 – 4 сыныптар					
1	Мен әкемнің қолқанатымын	Әңгіме	2023 жыл Қазан	Сынып жетекшілер	
2	Аталар, әкелер туралы тақпақ.	Конкурс	2023 жыл Қараша	Ұйымдастырушы педагог	
3	Біздің үй	Сурет Салу конкурсы	2023 жыл Желтоқсын	Сурет пән мұғалімі	
5 – 8 сыныптар					
1	Әкеге қарап ұл өсер	Шығарма жазу	2024 жыл Қаңтар	Қаз әд. мұғалімі	
2	Әкем, анам және мен	Спорт жарысы	2024 жыл Қаңтар	Денешынықтыру пәні мұғалімі	
3	Мен болашақ Отан қорғаушымын		2024 жыл Ақпан	Алғашқы әскери дайындық жет.	
9 – 11 сыныптар					
1	«Әке көрген оқ жонар»	Диспут	2024 жыл Наурыз	Мектеп әкімшілігі Әкелер мек. төр	
2	Отбасындағы әкелер рөлі	Шығарма жазу	2024 жыл Сәуір	Қаз.әдебиет бірлестігі.	
3	Менің әкем жақсы адам.	Ән конкурсы	2024 жыл Мамыр	ДТДЖО Сынып жетекшілер.	

Директордың тәрбие ісі орынбасарлары:

Г.Сулейменова

Г.Артык

Әкелер кеңесі отырысының хаттамасы №1

Күн тәртібінде:

1. Әкелер кеңесінің құрамын сайлау және ережемен танысу
Тәрбие ісінің меңгерушісі Сулейменова Г
2. Әкелер кеңесінің жұмыс жоспарын таныстыру
Әкелер кеңесінің төрағасы Ахментаев Нұрлан Бейсенбаевич
3. Әр түрлі мәселелер.

Сөйледі:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша тәрбие ісі меңгерушісі Г.Сулейменова сөз сөйледі.

Жас өспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын - алу және балалардың қадағалаусыз және қараусыз жүруіні алдын алу жұмыстарын жауапкершілігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңына , «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтардың профилактика-сы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» заңына , Келес ауданының білім бөлімінің бұйрығын негізге ала отырып « № 5 жалпы білім беретін мектеп » коммуналдық мемлекеттік мекемесінде Әкелер кеңесін құру жоспарланды. Мақсаты әкелердің отбасындағы бала тәрбиесіндегі ролін арттыру, ұстаз, ата-ана және оқушы арасындағы байланысты нығайту.

Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықты болдырмауға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру.

Әкелер кеңесінің құрамы төмендегідей:

Төраға: Ахментаев Нұрлан Бейсенбаевич

Әкелер кеңесінің мүшелері:

1. Шындаулетов Жандарбек
2. Сабиров Қанат Ақылбекұлы
3. Утелов Ахмеджан
4. Сариев Діلمұрат
5. Самуратов Ержан Кәдекович

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша әкелер кеңесінің төрағасы Ахментаев Нұрлан сөз сөйледі.

Кеңес төрағасы Әкелер кеңесінің жұмыс жоспарын таныстырып, кеңес мүшелері белсене ат салысуға шақырды.

Қаулы етті:

- Әкелер кеңесінің жұмысы жоспарға сай жүйелі түрде жүргізілсін;

Төраға:  Н. Ахментаев

Хатшы:  Сәлімбаев Н

Жалпы ата-аналар жиналысының хаттамасы №2

Күн тәртібінде:

1. Құқықбұзушылықтың алдын алу, мектеп формасы, т.б мәселелер.
Тәрбие ісінің меңгерушісі Сулейменова Г
2. «Отбасылық қарым-қатынас пен рухани адамгершілік дәстүрлерді қалыптастыру мен сақтаудағы әкенің ролі»
Әкелер кеңесінің төрағасы Ахментаев Нұрлан Бейсенбаевич
3. Әр түрлі мәселелер.

Сөйледі:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша тәрбие ісі меңгерушісі Сулейменова Г.

Бала отбасынан жақсыны да, жаманды да бойына сіңіреді. Сондықтан да халқымыз «Бала ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деп текке айтпаған. Сонымен қатар, жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықты алдын алу мақсатында мектебімізде «Әкелер кеңесі» өз жұмысын атқарады.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша әкелер кеңесінің төрағасы Н.Ахментаев сөз алды.

Екінші мәселе бойынша әкелер кеңесінің төрағасы Ахментаев Нұрлан

«Отбасылық қарым-қатынас пен рухани адамгершілік дәстүрлерді қалыптастыру мен сақтаудағы әкенің ролі» тақырыбында баяндама жасады.

Бала тәрбиесіндегі әкенің ролі.

Ой санасы дамыған, адамгершілік және дене тұрғысынан салауатты, мәдениетті тұлғаны жан-жақты қалыптастыруды көздеген тәрбиенің мәселелері мектепті де, ата-ананы да әрқашан толғандырып келеді. Тәрбие жұмысының табысты болуының басты кепілі мектеп пен ата-аналар арасындағы ынтымақтастық қарым-қатынаста. Өйткені адамзат бесігін тербеткен баланың бас ұстазы ата-ана: «Отбасында адам бойындағы асыл қасиеттер жарқырай көрініп қалыптасады. Отанға деген ыстық сезім жақындарына, туған-туыстарына деген сүйіспеншіліктен басталады.» - деп Елбасы айтқандай, бала әкеден – ақыл, анадан – мейір алып өседі.

Қай ата-ана болмасын баласының тәрбиелі, білімді, мәдениетті болуын қалайды. Ал адам өмірінің мәні мен сұлулығы, адамның келешегіне сенімділігі баланың ата-анасына ардақ тұтып, өзінің перзенттік парызын бір сәтке де есінен шығармауында. Жас жеткіншектерді тәрбиелеу ісінде мектеп пен отбасы арасындағы байланысқа үнемі көңіл бөлінуі тиіс.

Осындай түрлі жұмыстар жүргізу – менің әр күнгі төл ісім болып саналады. Үйіне барып байланыс жасаған кезде сол оқушының мінез-құлқын, бейімділігін, сынып ішіндегі оқушылармен қарым-қатынасын, қоғамдық жүктемені орындауын айта келіп, сол жанұяға тән қажетті нәрселерді ескеріп отырамын. Мұндай байланыс сынып жетекшісінің жұмысына жеңілдік келтіреді, тезірек орындалуына себебін тигізеді. Бала тәрбиесі ұласатын асыл құндылықтар үлкендердің әңгіме желісінен, іс-қимылынан танылып, сезім жіптері арқылы жүректен жүрекке беріліп отырған. Сондықтан егеменді ел жастарының санасына осы ұлттық ұлағатты қасиеттерді сіңіре білу үрдісінің мәні зор. Қалыптасқан тәлім-тәрбиелік әдеттері, рәсімдері мен салт-саналық дәстүрлері жас ұрпақтың жан-жақты сіңіру.

Өмір бойы рухани жағынан жетілдіріп, оны тұлға ретінде қалыптастыру. Тек осындай ізгілік мұраттар отбасында орын алғанда ғана, Отанын, елін-жерін сүйетін, өз ұлтының салт-дәстүрін, сонымен бірге жалпы адамзаттық мәдени құндылықтарды бойына сіңіріп, өзінің кісілік келбетін сақтай алатын тұлға тәрбиелеуге болады.

3. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша әлеуметтік педагог Ұ.Полатов сөз алды. Оқушылардың тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілгені жайлы айтын өтті.

Қаулы етті:

- Отбасылық қарым-қатынас пен рухани адамгершілік дәстүрлерді қалыптастыру мен сақтаудағы әкенің рөлін жоғарылату мақсатында бірлескен іс-шаралар ұйымдастырылсын.
- Жоғары сынып оқушыларына мектепке кешікпеуі, мектеп формасымен келуі талап етілсін.
- Тегін тамақтанатын оқушылардың тізімі бекітілсін.

Төраға:



Н. Ахментаев

Хатшы:



Сәлімбаев Н

Мектеп директоры:  Т. Артык



«Тұмар» аналар клубының жұмыс жоспары

Аналар клубының мақсаты: Отбасылық құндылықтарды сақтау, аналардың бала тәрбиелеудегі жауапкершілігін арттыру, ата-аналардың жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу шараларын ұйымдастырудағы рөлін арттыру.

№	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
1	«Тұмар» аналар кеңесінің жоспарын бекіту. Әжелер кеңесі мәжілісін өткізу. «21 ғасыр ата-анасы қандай болу керек?» баяндама	Қыркүйек	Мектеп әкімшілігі
2	Тәуелсіз елдің бақытты отбасымыз» көпбалалы аналармен кездесу	Қыркүйек	Әкімшілік, аналар кеңесі мүшелері
3	«Әжелер сөзі- тәрбие көзі» кездесу, әңгіме	Кезінде	Аналар кеңесі мүшелері Сынып жетекшілер
4	«Ою ойып, сырмақ сырған» жеке кәсіпкермен кездесу, аналарға, қыздарға арнап шебер-кластар ұйымдастыру	Қазан	Әкімшілік, аналар кеңесі мүшелері
5	«Қазақ қыздарының шаш үлгісі туралы не білеміз?	Шеберлік сабақ	Аналар кеңесі мүшелері
6	«Бала тәрбиесіндегі жазалау мен мадақтау» кеңес беру сағаты	Қазан	Аналар кеңесі мүшелері
7	«Отбасы- бақыт мекені» республикалық апталық аясында әжелермен кездесу	Қараша	Әкімшілік, аналар кеңесі мүшелері
8	«Әйел-Ана, әйел-өмір, әйел-тіршілік өзегі» кездесу сағаты	Желтоқсан	Аналар кеңесі мүшелері
9	«Тәуелсіз елдің бақытты отбасымыз» көпбалалы аналармен кездесу	Қаңтар	Аналар кеңесі мүшелері
10	«Түнгі көшедегі балалар» РЕИД Ата аналар комитетімен жұмыс	Кезінде	Аналар кеңесі мүшелері
11	Баланы есірткіден қалай сақтау керек? 8-11-класс ата-аналарына кеңес беру	Ақпан	Мектеп әкімшілігі
12	«Ана өмірдің шуағы» қыздарға кеңес.	Наурыз	Аналар кеңесі мүшелері Сынып жетекшілер
13	Құқық бұзушылықтың алдын алу) «Заң бұзушылық неге әкеліп соғады?» баяндама. КТДЖИ, тәрбие ісінің орынбасары	Сәуір	Психолог сынып жет. Ата-аналар комитетті, әкелер кеңесі мүшелері
14	«Жасөспірім шақтағы келеңсіз іс-әрекеттерді болдырмау жолдары» қыздарға кеңес беру.	Мамыр	Аналар кеңесінің мүшелері

Тәрбие ісінің меңгерушісі:



Сулейменова Г.

Түркістан облысының
білім басқармасының
Келес ауданының
білім бөлімінің
«№5 жалпы білім
беретін мектебі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесі



Государственное учреждение
«Общеобразовательная средняя
школа №5» отдел образования
Келесского района
управления образования
Туркестанской области

Абай ауылы, М. Артыков көшесі № 205

село Абай, улица М.Артыков № 205

БҰЙРЫҚ

№ 40 16.09.2022 г.
Абай ауылы

ПРИКАЗ

№ 40 16.09.2022 г.
село Абай

«2022-2025 оқу жылдарына қамқоршылық кеңесін құру туралы»

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығы және Облыстық білім басқармасының 21.08.2017 жылғы № 764 санды бұйрығын негізге ала отырып **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 санды бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидасы» негізінде «№5 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде «Қамқоршылық кеңесі» құрылсын.

2. Қамқоршылық кеңестің мақсаты мектепке қолдау көрсету. Оның жарғылық функцияларының іске асырылуына, қаржылық қолдауды қамтамасыз етуге, материалдық-техникалық базасының нығайтуына септесу және оның қызметіне қоғамдық бақылау мақсатында ережеге сәйкес жазбаша келісіммен қамқоршылық кеңес төмендегі құрамда бекітілсін:

1. Мүсір Қ. – Қамқоршылық кеңесінің төрағасы
2. Абдраманов Е. – Қамқоршылық кеңестің төраға орынбасары

Мүшелері:

1. Сманов Н.
2. Құдайбергенова А.
3. Есентаева М.
4. Куштанов Е.
5. Бексултанов Б.
6. Мамытбаев Н.
7. Қалмырзаев А.
8. Полатов - Қамқоршылық кеңестің хатшысы.

3. 2022-2025 оқу жылдарының Қамқоршылық кеңесінің ережесі бекітілсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директорының м.у.а.  Г. Артык

